## 2000 жылғы 17 ақпандағы Кеден одағына қатысушы мемлекеттердің кеден органдары арасында тасымалданатын тауарларды және көлік құралдарын кедендік бақылау туралы хаттаманың қолданысын тоқтату туралы хаттаманы бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 5 тамыздағы № 874 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған 2010 жылғы 21 мамырда Санкт-Петербургте жасалған 2000 жылғы 17 ақпандағы Кеден одағына қатысушы мемлекеттердің кеден органдары арасында тасымалданатын тауарларды және көлік құралдарын кедендік бақылау туралы хаттаманың қолданысын тоқтату туралы хаттама бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі К. Мәсімов*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 5 тамыздағы № 874 қаулысымен бекітілген

## 2000 жылғы 17 ақпандағы Кеден одағына қатысушы мемлекеттердің кеден органдары арасында тасымалданатын тауарларды және көлік құралдарын кедендік бақылау туралы хаттаманың қолданысын тоқтату туралы ХАТТАМА

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Еуразиялық экономикалық қоғамдастыққа мүше мемлекеттердің үкіметтері,

ЕурАзЭҚ-ға мүше мемлекеттердің халықаралық-құқықтық базасын одан әрі дамыту және жетілдіру мақсатында,

төмендегілер туралы келісті:

### 1-бап

2000 жылғы 17 ақпандағы Кеден одағына қатысушы мемлекеттердің кеден органдары арасында тасымалданатын тауарларды және көлік құралдарын кедендік бақылау туралы хаттаманың қолданылуы тоқтатылсын.

## 2-бап

Осы Хаттама, оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетшілік рәсімдерді Тараптардың орындағаны туралы соңғы хабарламаны депозитарий алған күннен кейінгі күннен бастап күшіне енеді.

2010 жылғы «21» мамырда Санкт-Петербург қаласында орыс тіліндегі бір түпнұсқа данада жасалды. Түпнұсқа дана Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың Интеграциялық комитетінде сақталады, оның расталған көшірмесі әрбір Тарапқа жіберіледі.

*Беларусь Республикасының Үкіметі үшін*

*Қазақстан Республикасының Үкіметі үшін*

*Қырғыз Республикасының Үкіметі үшін*

*Ресей Федерациясының Үкіметі үшін*

*Тәжікстан Республикасының Үкіметі үшін*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК